Ақжайық ауданы әкімдігінің мемлекеттік коммуналдық «Жайықтехсервис»

кәсіпорны

БҰЙРЫҚ

№53 20 тамыз 2024 жыл

«Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы бұйрық Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» 08.08.2024 жылғы №65-НҚ, бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** 2024 жылғы 01 қыркүйектен бастап осы тариф енгізілсін:

1. «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 2024 жылдың 01 қыркүйектен 1м3 ҚҚС-сыз 408,52 теңге мөлшерінде бекітілсін, оның ішінде:

- субсидия алмайтын елді мекендердің тұрғындары үшін - 337, 68 теңге- 12% ҚҚС-сыз; (Жанама-Сарман, Шабдаржап-Томпак, Жайық, Жамбыл-Битлеу, Мойылды, Самал)
- Басқа тұтынушылар үшін – 408 ,52 теңге -12% ҚҚС-сыз;
- ММ және МК үшін - 408 ,52 теңге -12% ҚҚС-сыз;

- субсидия алмайтын елді мекендердің тұрғындары үшін - 378 ,20 теңге -12% ҚҚС-пен (Жанама-Сарман, Шабдаржап-Томпак, Жайық, Жамбыл-Битлеу, Мойылды.,Самал)
- Басқа тұтынушылар үшін – 457, 54 теңге - 12% ҚҚС-пен;
- ММ және МК үшін - 457,54 теңге - 12% ҚҚС-пен;

2. Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарифті бекітілгені туралы ақпаратты тариф күшіне еңгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауда өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық 2024 жылдың 01 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілсін.

МК «Жайықтехсервис» кәсіпорын басшысының м.а.: **Т.Б. Мурзагалиев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

08.08.2024ж № 65-НҚ

Орал қаласы

ПРИКАЗ

город Уральск

«Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2) - тармақшасына, 8-бабы 10) және 12) - тармақшаларына, 20-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90-НҚ бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 313,318,319,320- тармақтарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2019 жылғы 15 тамыздағы №1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы» Ережесіне сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифі 2024 жылғы 1 қыркүйектен 1м3 ҚҚС-сыз 408,52 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифтік сметасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы» 2023 жылдың 20 маусымдағы №27-НҚ және «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына уақытша өтемдік тарифін бекіту туралы» 2024 жылғы 02 тамыздағы №63-НҚ бұйрықтарының күші жойылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап-арыз және ұйымдастырушылық жұмыс бөлімі, осы бұйрықты «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

0000923

5. «Жайықтехсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорныны тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты тариф күшіне енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департамент басшысының орынбасары С. Жаманкуловқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1 және 2 тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **Қазбекова Г.Ж.**